

**«Ақтөбе облысының білім басқармасы Алға ауданының білім бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің «Балапан» Маржанбұлақ балабақшасы»
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының педагог
қызметкерлерімен өткізілген меңгеруші жанындағы кеңес отырысының
хаттамасынан көшірме.**

Маржанбұлақ ауылы

18.06.2025 жыл

Барлық педагогтар саны-10

Қатысқан педагогтар саны-10

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Мектепке дейінгі ұйымының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізуді қорытындылау.

Балабақша меңгерушісі Еркусимова Л.Т. меңгеруші жанындағы кеңес отырысында 2025 жылғы 19 мамырдағы №26 «Мектепке дейінгі ұйымының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу туралы» бұйрығына сәйкес, ағымдағы жылдың 19 мамыр мен 19 маусым аралығында өзін-өзі бағалау жұмыстары жүргізіліп, аяқталуға тиіс екенін ескертті. Бағалау жұмыстары ҚР Оқу - ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрлігінің білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің 2022 жылғы 27 желтоқсандағы №12 бұйрығы негізінде жүргізілді. Өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу төмендегідей бағыттарда жүргізілгеніне тоқталды:

1. Білім беру ұйымдарының мақсаты, міндеттері мен құндылықтары.
2. Оқыту және білім беру.
3. Білікті қызметкерлердің болуы.
4. Қолжетімді білім беру үшін жағдай жасау.
5. Білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету.
6. Тиімді оқытуға ықпал ететін материалдық-техникалық база.

Сонымен қатар, өткен оқу жылындағы педагог кадрларға талдау жүргізіліп, №2 қосымша толтырылды. "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту" мамандығы бойынша білімі бар педагогтердің үлесі 70 %: жоғары білімі бар педагогтердің үлесі 70 %, санаты бар педагогтердің үлесі 90 %, біліктілікті арттыру курсынан өткен педагогтердің үлесі 100% құрады.

Тәрбиеленушілер құрамына талдау жүргізіліп, №3 қосымша толтырылды. Талдау барысында жас топтары туралы мәлімет, жасы бойынша

тәрбие мен оқыту мерзіміне қойылатын талаптардың сақталуы, балалардың жасын ескере отырып, жас топтарын қалыптастыру, контингент қозғалысы, ерекше білімді қажет ететін балалар саны.

2024-2025 оқу жылында барлық топтар бойынша күн тәртібі, перспективалық жоспарлар, ұйымдастырылған іс әрекеттерінің циклограммасы, кестесі қайта қаралып, білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарының қосымшалары бойынша балабақшаның жұмысы бағаланғандығын атап өтті. Оқу жылы барысында 18 тәрбиеленуші күндізгі немесе сырттай республикалық, облыстық, аудандық деңгейдегі байқаулар мен шығармашылық конкурстар мен байқаулардың жеңімпаздары, жүлдегерлері атанды.

ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылдың 22 қаңтардағы №70 «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» бұйрығына өзгеріс енгізу туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 7 маусымдағы №265 бұйрығына сәйкестігі қаралып, №4 қосымша толтырылды.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 «Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» бұйрығына сәйкес, балабақшадағы қолданыста бар оқу-әдістемелік кешендер қаралып, №5 қосымша толтырылды.

Балабақша әдіскері Н.Т.Кангожина, мектепке дейінгі ұйымының мақсаты, міндеттері мен құндылықтарын басшылыққа ала отырып, өткен оқу жылындағы жұмыстарға анықтама жазылып, Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын оқыту нәтижелерінің болуына дәлел тәрбиеленушілердің жеке даму жоспарларының көшірмелері, тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің бастапқы және қорытынды есептерінің сканер нұсқасы ресми сайтқа орналастырылғандығын қосымша хабарлады.

Балабақша меңгерушісі Еркусимова Л.Т. отырысты қортындылай келе, өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру және өткізу үшін комиссия мүшелері және барлық педагог қызметкерлердің бөлінген тапсырмаларды жауапкершілікпен орындағандарын атап өтті.

ШЕШІМ:

1. Меңгеруші жанындағы кеңесті хаттамалау жауапты хатшыға жүктелсін;

2. Мекеменің 19.05.2025 жылғы №26 «Мектепке дейінгі ұйымның өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу» туралы бұйрығы негізінде ұйымдастырылып, өткізілген өзін-өзі бағалау жұмыстарының қорытындысы «қанағаттанарлық» деңгейде деп есептелсін;
3. 13.06.2025 жылғы меңгеруші жанындағы кеңес отырысының шешіміне сәйкес «Ақтөбе облысының білім басқармасы Алға ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Балапан» Маржанбұлақ балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының өзін-өзі бағалау жұмыстарының сканерленген барлық құжаттары мекеменің ресми сайтына орналастырылсын.

Кеңес төрайымы

Кеңес хатшысы



Л.Т.Еркусимова.

С.С.Боранбаева.